

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы:

Отф. Н.А.Өткелбаева  
« 31 » кайтар 2022жыл

Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ-нің жанынан құрылған  
Қамқоршылық кеңесінің  
2021-2022 оқу жылына арналған жылдық жоспары

№	Іс-шаралардың аталуы	Орындалу мерзімі	Орындалуына жауапты	Аяқталу формасы
1.	Қамқоршылық кеңесінің құрамы, жұмыс жоспарын бекіту, танысу	қыркүйек	Кеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Іс-құжатын жинақтау
2.	Мектептегі: 1) ата-аналар комитетімен 2) педагогикалық кеңеспен 3) «Жас Ұлан», «Жас Қыран» балалардың қоғамдық ұйымдарымен қарым-қатынас орнату және олардың қызметтерінің сапасын көтеруге қолдау көрсету	Жыл бойы	Кеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Бірлескен іс-шаралар жоспары
3.	Білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасын нығайту, оқушыларға материалдық көмек көрсету мақсатында бюджеттен тыс қаржы көздерін іздестіру	Жыл бойы	Кеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Келісім шарттар
4.	Білім беру ұйымы өкілдерімен бірлесе отырып, материалдық көмек қажеттілігі бар оқушылар тізімін дайындау	Жыл бойы	Кеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Тізім жасақтау
5.	Құқықбұзушылыққа бейім жасөспірімдермен жұмыс	Жыл бойы	Кеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Іс-құжаттар жинақтау
6.	Білім беру ұйымдарында тамақтануды ұйымдастыру	Жыл бойы	Кеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Мектеп асханасына мониторинг
7.	Мемлекеттік және мектепішілік мерекелерді ұйымдастыруға белсенділік көрсету.	Жыл бойы	Кеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Бірлескен іс-шаралар жоспары
8.	Мектеп ауласын абаттандыру мен оқу кабинеттерін жабдықтау ісіне ата-аналарды, мектеп түлектерін тарту	Жыл бойы	Кеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Келісім шарттар

9.	Ата-аналардың қатысуымен мектепшілік шаралар өткізу Спорттық сайыстар Интеллектуалды сайыстар Ата-аналарды тәрбие сағаттарын өткізуге тарту	Жыл бойы	Қеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Бірлескен шаралар
10.	Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру	Мамыр-маусым	Қеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Мониторинг жасау
11.	Оқушылардың жазғы еңбек практикасын өткізуге мектеп әкімшілігіне көмек көрсету	Мамыр	Қеңес төрайымы, кеңес мүшелері	Бірлескен шаралар

### Қамқоршылық кеңесінің отырысы

1.	<p><b>№I-отырыс:</b></p> <p>1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының 44-бабының 9-тармағына сәйкес және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» № 355 бұйрығымен танысу.</p> <p>2. Қамқоршылық кеңесінің жалпы ережесімен танысу және құрамын бекіту.</p> <p>3. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспарын бекіту.</p> <p>4. Білім алушылардың ыстық тамақпен қамтылуы және тасымалданатын оқушылардың қауіпсіздігі туралы хабарлама</p>	Қаңтар 2022	Қеңес төрайымы, кеңес мүшелері	хаттама
2.	<p><b>№II-отырыс:</b></p> <p>1. Мектепшілік есепте тұрған және «Тәуекел» тобындағы оқушылармен жүргізілген түзету жұмыстары туралы</p> <p>2. Білім беру ұйымының басшысының есебі .</p>	Мамыр 2022	Қеңес төрайымы, кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі	хаттама

3.	<p><b>№III-отырыс:</b></p> <p>1. Бюджеттен тыс түскен демеушілік қаржының мақсатты пайдалану туралы есебі</p> <p>2. «Тәрбие бестік одағы» жоспары бойынша жасөспірімдердің құқықтарын қорғау, жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылық, жыныстық тиіспеушілік пен аудодеструктивті мінез-құлықтың, нашақорлықтың, АИТВ/ЖИТС-тің, діни экстремизмнің, зорлық-зомбылықпен ерте жүктіліктің алдын алу жұмысы туралы</p>	Шілде 2022жыл	Қеңес төрайымы, кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі	хаттама
4.	<p><b>№IV-отырыс:</b></p> <p>1. Білім алушылармен ішкі тәртіп ережелерінің сақталуы (мектептің киім үлгісінің сақталуы, білім беру ұйымына алып кіруге тыйым салынған заттарға байланысты жүргізілген жұмыстар.</p> <p>2. Оқушылардың білім сапасын арттырудағы жүргізілген жұмыс нәтижесі</p> <p>3. Мектептің материалдық-техникалық базасын нығайтуға бюджеттен тыс қаржы көздерін іздестіру.</p>	Қазан 2022жыл	Қеңес төрағасы, кеңес мүшелері Мектеп әкімшілігі	хаттама

**Т.Г.Шевченко атындағы ЖОББМ-нің жанынан құрылған  
Қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылында  
атқарған жұмысы туралы  
ақпараттық талдауы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы негізінде қамқоршылық кеңесінің 2021-2022 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары құрылып, бекітілді. Жоспар бойынша қамқоршылық кеңесінің 4/төрт/ отырысы өткізіліп, күн тәртібіндегі мәселелер талқыланып отырды.

Мектептің дамуына ықпал жасай отырып, материалдық-техникалық базасын күшейтуге, мектептің өзін-өзі басқару қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылған қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары бойынша жұмыстар атқарылды.

Жоспар бойынша мектеп өмірімен білім беру үдерісін ұйымдастыру мақсатында ыстық тамақпен қамтылу, әлеуметтік, мәдени, сауықтыру, білім беру іс-шараларын өткізуге көмектесу, мектеп психологының қатысуымен оқушылармен әңгімелесу жұмыстары жүргізіліп отырды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру барысында дене шынықтыру пән мұғалімдерімен үнемі байланыс жүргізіліп, оқушылардың аудандық, облыстық спорттық жарыстарға белсене қатысатындығын байқадық. Құқық қорғау органдарымен, діни ғалымдармен кездесіп, балалардың салауатты өмір салтын және құқық бұзушылықты болдырмау мақсатында кездесулерге қатысып отырдық.

Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылардағы балаларға арналған жаңа жылдық сыйлықтар ұйымдастыру мақсатында ауыл азаматтары демеушіліктер көрсетті.

Т.Г.Шевченко атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің Түлек.kz «Туған жерге тағзым» акциясы аясында жүргізілетін жұмыс жоспары жыл сайын құрылып отырады. Түлектердің еңбекпен орналасу мониторингі құрылып, әр жыл сайын мектеп бітіргендеріне 5,10,15,20,25,30,35,40 жыл болған түлектермен байланыс жасай отырып, мектепке қажетті құрал-жабдықтарға демеушілік жасау ұйымдастырылып келеді.

2021 жылдың желтоқсан айында мектеп түлегі **«Ақтөбе металл құрастыру зауыты» ЖШС-ның директоры, меценат Қ.Ә.Қойлыбаев** мектептің аз қамтылған 3 оқушыға 300.000 теңгеге жаңа жылдық сыйлықтарға демеушілік жасады.

Түлек.kz акциясы аясында 1981-1982,1986-1987,1991-1992,1996-1997,2001-2002 жылдар арасында мектеп бітірген түлектер алтын ұя мектебіне ҚР Мемлекеттік рәміздер бұрышын 450.000/төрт жүз елу мың/теңгеге демеушілік көрсетті.

2011-2012 оқу жылын бітірген мектеп түлектері мектепке 100.000 /жүз мың/теңгеге спорт киімдерін және доптарға демеушілік көрсетті. Ата-аналардың демеушілігімен 700.000\жеті жүз мың/теңгеге маусым айының 22-27 аралығында 17 оқушы үш күндік тарихи –мәдени танымдық экскурсиялық саяхатқа барды.

2022 жылы мамыр айында мектеп оқушылары арасында **«Ақтөбе металл құрастыру зауыты» ЖШС-ның директоры, меценат Қ.Ә.Қойлыбаев** атындағы «Үздік жыл оқушысы-2022» атты байқау ұйымдастырылды. Қ.Ә.Қойлыбаев «Үздік жыл оқушысы-2022» атты байқауына 600.000 теңгеге демеушілік жасады.

2022 жылдың тамыз айында мектеп түлегі **«Ақтөбе металл құрастыру зауыты» ЖШС-ның директоры, меценат Қ.Ә.Қойлыбаев** мектептің аз қамтылған 5 оқушыға 500.000/бес жүз/ теңгеге «Мектепке жол» акциясы бойынша оқу құралдары мен мектеп формаларына демеушілік жасады.

Қамқоршылық кеңес мүшелерінің ұйымдастырумен наурыз мерекесі кең көлемде өткізіліп отырады. Оқушыларға құқықбұзушылық және теріс ағым ықпалынан қорғау жұмыстары жүргізілді.

Мектеп директорының 2022 жылдың 28 мамыр айында жылдық есебі тыңдалды.

Қамқоршылық кеңес төрайымы:



Өткелбаева Н.А